Ректор _____ Д.А.Циринг
№ 26 «23» 06 2016



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Челябі мемлекеттік университеті»

Жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі Қостанай филиалы (әрі қарай - филиал) «Челябі мемлекеттік университеті» (әрі қарай - ЧелМУ) жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік білім беру мекемесі жекешелендірілген құрылымдық бөлімшесі болып саналады, оның орналасқан орнынан тыс жерде үнемі оның барлық функциясын жүзеге асырады.

1.2. Қостанай филиалы Ресей Федерациясы Білім министрлігінің 15 қыркүйек 2000 ж. № 2660 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 8 қыркүйек 2000 ж. № 05-6/5690 шешімімен, ЧелМУ ректорының 28 қыркүйек 2000 ж. № 703-1К бұйрығымен Челябинск мемлекеттік университетінің Қостанай филиалы болып құрылды, ол Ресей Федерациясы Білім министрлігінің 1 шілде 2003 ж. № 2834 бұйрығымен «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары кәсіби білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің Қостанай филиалы болып өзгертілді.

Ресей Федерациясы Білім және ғылым министрлігінің 27 мамыр 2011 ж. № 1833 бұйрығымен Қостанай филиалы «Челябі мемлекеттік университеті» жоғарғы кәсіби білім беретін мемлекеттік мекемесі, «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары кәсіби білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің Қостанай филиалы болып өзгертілді.

Ресей Федерациясы Білім және ғылым министрлігінің 31 наурыз 2016 ж. № 349 бұйрығымен «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары кәсіби білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің Қостанай филиалы «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің Қостанай филиалы болып өзгертілді.

1.3. Заңды тұлғаның атауы - «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім берудің федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі.

 «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі («ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ)			
«Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің Қостанай филиалы туралы ережесі			
Күжат нұсқасы - 1	2 - 13 бет	Бірінші дана _____	№ _____ КӨШІРМЕ

1.4. Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік реестріне 2002 жылдың 01 шілдесіне дейін тіркелген заңды тұлға туралы жазба енгізу туралы куәлік 12.11.2002 ж. Челябині қаласының Калинин ауданы бойынша Ресей АСМ Инспекциясымен берілген.

Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік реестріндегі заңды тұлғаға қатысты соңғы өзгертулер Челябині қаласының Тракторозавод ауданы бойынша Ресей АСМ Инспекциясымен тіркелген 06.05.2016 жылы енгізілді.

1.5. «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім берудің федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің орналасқан жері: Ресей Федерациясы, Челябині қаласы, Братьев Кашириных көшесі, 129 үй.

1.6. «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім берудің федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі қызметінің мәні мыналар:

- 1) қоғам және мемлекет мұқтаждықтарына сәйкес жоғары білім берудің оқу бағдарламалары бойынша және орта кәсіби білім берудің оқу бағдарламалары бойынша мамандар даярлау, тұлғаның интеллектуалды, мәдени және өнегелі даму қажеттілігін қанағаттандыру;
- 2) ғылыми және педагогикалық қызметкерлердің Университет докторантурасында ғылым докторы ғылыми дәрежесіне іздену диссертациясын дайындауға және Университетке бекітілген тұлғалардың ғылым кандидаты ғылыми дәрежесіне іздену диссертациясын дайындауға жағдай жасау;
- 3) негізгі жалпы білім беру бағдарламаларын, кәсіби білім берудің негізгі бағдарламаларын, қосымша кәсіби бағдарламаларды және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- 4) ғылыми зерттеулер, тәжірибелік зерттемелер, сараптама, талдау жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ заманауи ғылыми білімдерді ресейлік қоғамда, оның қатарында кәсіби қауымдастықтарда тарату;
- 5) мамандар арасында, кең ауқымды тұрғындар арасында білім тарату, олардың кәсіби және мәдени деңгейін көтеру;
- 6) ғылым мен білімнің халықаралық ғылыми-зерттеу және білім кеңістігіне бірігуіне ышпал ету;
- 7) Ресей Федерациясындағы ғылым мен білімнің дамуын ғылыми-әдістемелік және кадрлық тұрғыдан қамтамасыз ету, Университеттің жетекші шетелдік білім және зерттеу орталықтарына қатысты бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;
- 8) шетелдік және (немесе) Университетте жинақталған ғылыми және білім беру тәжірибесін орыс және шетел тілдеріндегі ғылыми монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары, мерзімдік басылымдар және өзге де баспа өнімдері арқылы тарату;
- 9) инновациялық тәжірибелердің тарауына ықпал ету;
- 10) білім және зерттеу бағдарламаларының халықаралық білім беру мен ғылыми кеңістікке қарай ілгерілеуі;
- 11) интеллектуалдық қызмет нәтижелерінің құқықтарын басқару, оның ішінде ғылыми зерттеу, құрастыру және технологиялық жұмыстарды орындау аясында алынған осы



«Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі («ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ)

«Челябі мемлекеттік университеті»
жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің
Қостанай филиалы туралы ережесі

Құжат нұсқасы - 1	3 - 13 бет	Бірінші дана _____	№ _____ КӨШІРМЕ
-------------------	------------	--------------------	-----------------

нәтижелерді пайдалануды және құқықтарды иеленуден түскен кірісті қоса алғандағы нәтижелер.

1.7. Филиалдың орналасқан жері: 110006, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Бородин көшесі, 168 А үй.

1.8. Филиалдың толық атауы:

- орыс тілінде – Костанайский филиал федерального государственного бюджетного образовательного учреждения высшего образования «Челябинский государственный университет»;

- мемлекеттік тілде – «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің Қостанай филиалы.

Филиалдың қысқартылған атауы:

- орыс тілінде – Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ»;

- мемлекеттік тілде – «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы.

1.9. Филиал Ресей Федерациясының федералдық заңдарына және Қазақстан Республикасының заңдарына, Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актыларына, Негізін салушының актыларына, «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Жарғысына, осы Ережеге, ішкі актілерге, Челябин мемлекеттік университеті ректорының бұйрықтары мен қаулыларына, басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес құрылды және өз жұмысын жүзеге асырады.

1.10. Филиал заңды тұлға болып танылмайды. Филиалдың заңды мәртебесі, мақсаты, міндеттері, қызметі «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Ғылыми кеңесінің інепімімен бекітілген осы Ережемен анықталады.

1.11. Даярлық бағыты (мамандықтар) тізімдемесі, негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларының мерзімдері мен деңгейлері Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіппен берілген лицензиялар негізінде бекітіледі.

1.12. «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы білім қызметі туралы лицензиялау мен мемлекеттік аккредитацияны Челябин мемлекеттік университетінің құрамымен бірге өтеді.

1.13. Филиалдың өз атауы, университет атауы бар, Челябин мемлекеттік университетінің таңбасы бар өз штамптары, бланктері, мөрі болуы мүмкін.

1.14. Кредиттік ұйымдарда филиалдың өз дербес шоты болады.

1.15. Филиалға өз жұмысын жүзеге асыру үшін мүлік бөлінеді, ол мүлік жеке баланста болады.

Филиал өзіне берілген мүлікті заңнамамен белгіленген тәртіпте және филиалдың құрылу мақсатына сәйкес қолданады.

Филиал таратылған кезде мүлік, тарату процедурасы өткеннен кейін, «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ оперативтік басқармасы құқығында қалады және Ресей Федерациясының заңнамасымен белгіленген тәртіппен пайдаланылады.



«Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі («ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ)

«Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің Қостанай филиалы туралы ережесі

Құжат нұсқасы - 1

4 - 13 бет

Бірінші дана _____

№ ____ КӨШІРМЕ

1.16. Филиалдың жеке балансы болады және бухгалтерлік есеп жүргізуді реттейтін заңнамалық актілерге сәйкес бухгалтерлік есепті жүзеге асырады.

1.17. Филиалдың өз құрылымында факультеттері, кафедралары, дайындық бөлімшелері мен курстары, ғылыми – зерттеу зертханалары және басқа да бөлімшелері болуы мүмкін.

1.18. Осы Ереженің негізінде оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, тәрбиелік қызметін жүзеге асыратын кафедралар Филиалдың негізгі құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

1.19. Филиал директоры қызметіне «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ректорының бұйрығымен тағайындалады және «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ректорымен берілген сенімхат негізінде қызмет етеді.

1.20. Филиал қызметінің осы Ережеде реттелмеген мәселелері «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Жарғысымен және Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасымен регламенттеледі.

2. ФИЛИАЛ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ. ФИЛИАЛДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ.

2.1. Филиал Қазақстан Республикасы азаматтарының сапалы жоғары, қосымша кәсіби білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында құрылды.

Филиал «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ барлық функцияларын атқарады.

2.2. Филиалдың негізгі қызмет түрі федералдық мемлекеттік жоғары білім беру стандарттарының, ЧелМУ Жарғысының талаптарына сәйкес жоғары білім берудің білім бағдарламалары, қосымша кәсіптік бағдарламалар және қосымша жалпы білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметі болып табылады.

2.3. Филиалдың негізгі міндеттері болып табылады:

2.3.1. Қоғам мен мемлекеттің жоғары білімді білікті мамандар қажеттілігін қанағаттандыру.

2.3.2. Азаматтық-құқықтық келісімшарттар негізінде заңды және жеке тұлғалар үшін ғылыми зерттеулер мен жобаларға тапсырыстар орындау.

2.3.3. Негізгі, қолданбалы және ізденушілік ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және өткізу, алынған нәтижелерді білім беру үрдісінде, сонымен бірге ғылыми және педагогикалық мектептердің дамуы үшін пайдалану, сондай-ақ практикада қолдану мақсатында басқа да шаруашылық субъектілерге беру.

2.3.4. Жоғары білім берудің жүйелі түрде жаңашаландырылуын қамтамасыз ету.

2.3.5. Білім алушылар мен қызметкерлердің ақыл-ойы мен шығармашылық әлеуетінің дамуына, спортпен шұғылданыуына, дем алуына, сондай-ақ «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ мүлкі базасында бекітілген студенттік спорттық-сауықтыру лагерьлерінде, демалыс базалары мен қонақүйлерде демалуға жағдай жасау,



«Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі («ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ)

«Челябі мемлекеттік университеті»
жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің
Қостанай филиалы туралы ережесі

Құжат нұсқасы - 1

5 - 13 бет

Бірінші дана _____

№ ____ КӨШІРМЕ

2.3.6. Оқулықтар, оқу құралдарын және басқа да әдістемелік және мерзімдік оқу басылымдарын жазу, басып шығару және тираждау.

2.4. Алға қойған міндеттерді «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ атынан орындауға филиалдың құқығы бар:

2.4.1. Жоғары және қосымша кәсіптік білім берудің, сонымен бірге қосымша жалпы білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын студенттердің дайындығын жүзеге асыруға.

2.4.2. Өз еркімен оқу және ғылыми қызметті жүргізуге.

2.4.3. Өз еркімен нақты заңнамалар аясында және бұл филиал мен Челябинск мемлекеттік университетінің негізгі қызметіне зиян келтірмейтін жағдайда, өзіне бекітілген мүлікті, сонымен бірге өзіне смета бойынша бөлінген құралдар есебінен сатып алынған мүлікті пайдалануға, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алуға.

2.4.4. Белгіленген тәртіппен және еңбеақы төлеуге арналған қолда бар өз қаржы құралдарының шегінде үстемақы мен қосымша ақылар, сыйақылар мен филиал қызметкерлерінің ынталандыратын басқа да төлемдердің көлемін анықтауға, бірақ ол төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген көлемнен төмен болмауы қажет.

2.4.5. Белгіленген тәртіппен ағымдық есепшот ашуға. Ағымдық есепшот бойынша шығындар «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ бекіткен смета бойынша жүзеге асырылады.

2.4.6. Заңды және жеке тұлғалармен білім беру қызметін (білім беру қызметін көрсету) жүзеге асыруға келісімшарттар жасасуға, жеке және заңды тұлғалармен азаматтық-құқықтық келісімшарттар жасасуға, сонымен бірге бекітілген смета шегінде және келіп түскен мақсатты салымдарға сәйкес нақты азаматтық заңнамамен қарастырылған басқа да мәмілелер жасасуға.

2.4.7. Ресей Федерациясында, Қазақстан Республикасында және шетелдерде өткізілетін ғылыми конференцияларға, семинарларға, әртүрлі деңгейлі кездесулерге, қайырымдылық іс-шараларына қатысуға және ұйымдастыруға.

3. ФИЛИАЛДЫ БАСҚАРУ

3.1. Филиалды басқару, құрылымы, құзыреттілігі және жұмысты ұйымдастыру тәртібі Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының заңнамасына, «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Жарғысына және осы Ережеге сәйкес анықталады және жүзеге асырылады.

3.2. Филиалдың жалпы жетекшілігін сайланушы орган өкілі – Филиалдың Ғылыми кеңесі жүргізеді.

3.3. Филиалдың Ғылыми кеңесінің негізгі міндеттері болып танылады:

- филиалдың, оның материалдық-техникалық базасының және кадрлық әлеуеті дамуының негізгі бағыттарын анықтау;

- жоғары білімді мамандарды даярлауда жоғары сапаны қамтамасыз етуге, оқу үрдісінің, студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмысының кемелдендірілуіне, ғылыми



«Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі («ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ)

«Челябі мемлекеттік университеті»
жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің
Қостанай филиалы туралы ережесі

Құжат нұсқасы - 1

6 - 13 бет

Бірінші дана _____

№ _____ КӨШІРМЕ

ізденістерді, әлеуметтік жұмысты, қаржылық-шаруашылық жұмыс пен халықаралық байланыстың дамуына бағытталған жұмыстардың жүзеге асырылуы бойынша филиалдың барлық ұжымының әрекетін біріктіру және реттеу;

- филиал жүзеге асыратын білім беру қызметінің әлеуетті тапсырыс берушілері болып табылатын негізгі кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен өзара әрекеттесу стратегиясын анықтау.

3.4. Филиалдың Ғылыми кеңесінің құрамы ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен филиал білім алушыларының жалпы жиналысының шешімі негізінде Университет ректорының бұйрығымен жарияланады.

Филиалдың Ғылыми кеңесінің қалыптасу тәртібі, мерзімі және құзыреттері «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Ғылыми кеңесімен бекітілетін Филиалдың Ғылыми кеңесі туралы ережемен анықталады.

3.5. Филиалдың Ғылыми кеңесі құрамына қызметі бойынша Ғылыми кеңестің төрайымы болып табылатын филиал директоры және кафедра меңгерушілері енеді. Ғылыми кеңестің басқа мүшелері Университет филиалының ғылыми-педагогикалық қызметкерлері мен білім алушыларының Университет ректорының немесе оның өкілінің қатысуымен өткізілетін жалпы жиналыста, құпия дауыс беру жолымен сайланады. Филиалдың Ғылыми кеңесінің сайланатын мүшелерінің саны филиалдың ғылыми-педагогикалық қызметкерлері мен білім алушыларының жалпы жиналысымен белгіленеді.

Филиалдың ғылыми-педагогикалық қызметкерлері мен білім алушыларының жалпы жиналысында қарастыруға ұсынылатын Университет филиалы Ғылыми кеңесінің сайланатын бөлігіндегі кандидаттар тізімі Университет филиалының ғылыми-педагогикалық қызметкерлері мен білім алушыларының жалпы жиналысындағы ұсыныстар негізінде филиалдың Ғылыми кеңесімен қалыптастырылады. Сонымен бірге, филиалдың Ғылыми кеңесіндегі білім алушылар окілдігінің нормалары да осы кеңеспен анықталады.

3.6. Филиалдың құрылымдық бөлімшелері мен білім алушыларының өкілдері филиалдың ғылыми-педагогикалық қызметкерлері мен білім алушыларының жалпы жиналысында өатысушылардың 50 пайызынан артығы дауыс берсе және Университет филиалының ғылыми-педагогикалық қызметкерлері мен білім алушыларының жалпы жиналысының жұмысына филиалдың ғылыми-педагогикалық қызметкерлері мен білім алушыларының үштен екі бөлігінен кем емес көлемдегі тізімдік құрамы қатысқан жағдайда, филиалдың Ғылыми кеңесіне сайланды деп саналады.

3.7. Филиалдың Ғылыми кеңесі:

- филиал дамуының негізгі мәселелерін қарастырады;
- филиалда өткізілетін оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстың барлық ағымдық сұрақтары бойынша шешім қабылдайды;

- филиал құрамындағы факультеттерді, кафедраларды, дайындық бөлімшелері мен курстарды, ғылыми-зерттеу зертханаларын және басқа да бөлімшелерді құру, қайта құру,

 «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі («ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ)			
«Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің Костанай филиалы туралы ережесі			
Құжат нұсқасы - 1	7 - 13 бет	Бірінші дана _____	№ _____ КӨШІРМЕ

атауын өзгерту, тарату бойынша ұсыныстар даярлайды. Қабылданған шешім «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Ғылыми кеңесіне бекітуге ұсынылады;

- «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Ғылыми кеңесіне кафедра, зертхана, филиалдың басқа да бөлімшелері туралы Ережелерді бекітуге ұсынады;

- «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ жетекшілігі алдында филиал директоры өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы немесе ұзартылуы бойынша арызданады;

- сайыстық істерді қарастырады;

- студенттердің, аспиранттардың, докторанттар мен оқытушылардың кандидатураларын аймақтық, ресейлік деңгейдегі және басқа да құрметті шәкіртақыларға ұсынады;

- барынша маңызды және әлеуметтік мәні зор мәселелерді «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Ғылыми кеңесінің қарастыруына шығаруға шешім қабылдайды;

- филиал қызметімен байланысты басқа да мәселелерді қарастырады.

3.8. Филиалдың Ғылыми кеңесі 5 жыл мерзіміне сайланады.

3.9. Филиал қызметін тікелей филиал директоры жүзеге асырады. Филиал директоры «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ректоры алдында есепті, сондай-ақ сенімхатпен және қызметтік нұсқаумен анықталатын құзыреттер шегінде «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ атынан және мүддесі бойынша әрекет етеді.

Филиал директоры «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ректорының шешімімен жоғары кәсіби білімі, ғылыми дәрежесі, педагогикалық немесе университет қызметіне сәйкес келетін кәсіби қызмет бағыты бойынша ұйымдарда жетекші қызметтерде 5 жылдан кем емес еңбек өтілі бар қызметкерлер қатарынан сайланады және ректордың шешімімен қызметтен босатылады.

3.10. Филиал директоры:

- «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ атынан сенімхат бойынша әрекет етеді;

- «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ректорымен берілген сенімхат негізінде филиал қызметінің ағымдық жетекшілігін өз бетінше жүзеге асырады;

- филиал қызметіне қатысты ұйымдастырушылық және кадрлық мәселелерді шешу бойынша «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ жетекшілігіне ұсыныстар енгізеді;

- филиал дамуының негізгі бағыттары бойынша, оқу үрдісінің кемелдендірілуі бойынша ұсыныстар қалыптастырады, филиалдағы ғылыми-ізденушілік қызметті ұйымдастырады, филиал қызметінің перспективті және ағымдық жоспарлануын жүзеге асырады;

- оқу үрдісін ұйымдастырады және оның сапасын бақылауды жүзеге асырады;

- филиал оқытушыларының педагогикалық және басқа да оқу, ғылыми және әдістемелік жүктемесін, сол сияқты студенттердің оқу жоспарын орындауын бақылап, есеп жүргізеді;

- филиалдың жұмыс істеуі үшін қажетті жабдықтарды, материалдарды, техниканы сатып алу, филиал қызметіне қажетті ғимараттарды, жабдықтарды және басқа да материалдық құндылықтарды жалға алу жолымен филиалдың қаржылық-шаруашылық

 «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі («ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ)			
«Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің Қостанай филиалы туралы ережесі			
Құжат нұсқасы - 1	8 - 13 бет	Бірінші дана _____	№ _____ КӨШІРМЕ

қызметін ұйымдастырады, филиалда бар материалдық және ақшалай құндылықтарды сақтауға қажетті барлық әрекеттерді жасайды;

- қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру мен талапкерлерге арналған алғашқы іс-шараларды өткізуді ұйымдастыруға атсалысады;

- мемлекеттік билік және басқару органдарымен, жеке және заңды тұлғалармен қарым-қатынаста университет мүддесін қорғайды, олармен филиал қызметіне қатысты келісімшарттар мен мәмілелер жасасады;

- университет ректорымен бекітілетін филиалдың қызметкерлерінің құрылымын және сандық құрамын, филиал қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін анықтайды;

- өз құзыреттілігі аясында филиалдың барлық қызметкерлеріне, студенттеріне және тыңдаушыларына міндетті болып табылатын бұйрықтар мен нұсқаулар береді;

- «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Жарғысымен, осы Ережемен және басқа да нормативтік құжаттармен қарастырылған басқа да құқықтары мен міндеттерін жүзеге асырады.

3.11. Филиал директоры өзіне берілген сенімхатқа сай сенімхатта көрсетілген мәмілелерді жасасуға құқылы.

Басқа мәмілелерді жасасу үшін филиал директоры Университет келісімін алуға міндетті.

3.12. Директор Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларымен анықталған ішекте қызметтік нұсқаулықпен қарастырылған өзінің қызметтік міндеттерін өз кінәсі бойынша орындамағаны не/немесе толық орындамағаны үшін жауапкершілік артады.

3.14. Кафедраны кафедра меңгерушісі басқарады. Кафедра меңгерушісін сайлау тәртібі, оның құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының нақты заңнамасымен, «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ішкі нормативтік актілерімен регламенттеледі.

4. ФИЛИАЛҒА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОҚУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1. Филиалға қабылдау «Ресей Федерациясындағы білім беру туралы» 29.12.2012 ж. № 273-ФЗ Федералдық заңына, Ресей Федерациясының Білім және ғылым министрлігімен анықталатын қабылдаудың бақылау сандарына, сонымен бірге Қабылдау комиссиясы туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

4.2. Студенттерді филиалда білім алу үшін «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ бірінші курсына қабылдау құрылымы қабылдау жоспарына сәйкес «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Ғылыми кеңесімен анықталады. Келісімшарт негізінде білім алатын студенттер мен тыңдаушыларды қабылдау шарттары «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Ғылыми кеңесімен белгіленеді. Сонымен қатар, филиалдағы білім алушылардың жалпы саны білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензияда көрсетілген контингент көлемінен аспауы қажет.



«Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі («ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ)

«Челябі мемлекеттік университеті»
жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің
Қостанай филиалы туралы ережесі

Құжат нұсқасы - 1

9 - 13 бет

Бірінші дана _____

№ _____ КӨШІРМЕ

4.3. Филиалда білім алуға қабылдауды ұйымдастыруды «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ қабылдау комиссиясы «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Қабылдау ережелерімен анықталатын тәртіпте жүзеге асырады. Филиалда білім алу үшін студенттер құрамына енгізуді «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ректоры жүзеге асырады.

4.4. Филиал студенттерін ауыстыру, оқудан шығару, қайта қабылдау «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Жарғысына сәйкес қабылдаған ішкі актілермен регламенттеледі.

4.5. Филиал білім беру қызметін жоғары білім берудің білім бағдарламалары, қосымша кәсіптік бағдарламалар және қосымша жалпы білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырады. Білім беру бағдарламаларына Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру компоненті енгізілген.

4.6. «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалында негізгі кәсіби білім беру бағдарламалары толық көлемде жүзеге асырылады және мемлекеттік қорытынды аттестаттау өткізіледі.

4.7. Филиалдағы студенттердің білім алуы келісімшарт негізінде күндізгі және сырттай оқыту формалары бойынша жүзеге асырылады. Білім алу ұзақтығы федералдық мемлекеттік білім беру стандарттарымен, негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларымен және оқу жоспарларымен анықталады.

4.8. Филиалдағы білім берудің ресми тілі орыс тілі болып табылады.

4.9. Жоғары білімнің негізгі кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған және мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан өткен тұлғаларға диплом (бакалавр дипломы, маман дипломы) беріледі.

5. ФИЛИАЛ СТУДЕНТТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

5.1. Филиалда білім алу үшін «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ректорының бұйрығымен енгізілген тұлға филиал студенті болып табылады. Студентке студенттік билет пен сынақ кітапшасы беріледі.

5.2. Филиал студенттерінің Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының заңнамасымен, «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ішкі актілермен қарастырылған құқықтары бар және міндеттерді орындайды.

5.3. Филиал оқытушылары мен басқа да қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Жарғысымен, осы Ережемен, филиалдың Ұжымдық келісімшартымен, филиалдың ішкі еңбек тәртібі Ережелерімен, әр қызметкермен жеке жасалған еңбек келісімшарттарымен және қызметтік нұсқаулармен анықталады.

5.4. Филиал нақты заңнамалар талабына сәйкес еңбек қорғауды, өндірістік санитарияны, гигиенаны, өрт қауіпсіздігін және қоршаған табиғат ортасын қорғауды қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды жүзеге асырады, азаматтық қорғаныс

 «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі («ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ)			
«Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің Қостанай филиалы туралы ережесі			
Құжат нұсқасы - 1	10 - 13 бет	Бірінші дана _____	№ ____ КӨШІРМЕ

жүйесінде филиал қызметкерлерінің қорғалуын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар өткізеді.

6. ФИЛИАЛ МЕН «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ

6.1. Филиал Челябинск мемлекеттік университетінің нақты ішкі нормативтік актілеріне сәйкес «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ басқа да құрылымдық бөлімшелерімен өзара әрекеттеседі.

6.2. Филиал қызметкерлерінің штаттық кестесі және оған енгізілетін өзгерістер Қазақстан Республикасының нақты заңнамаларына сәйкес қалыптастырылады және "ЧелМУ" ЖББ ФМБББМ ректорымен бекітіледі.

7. ФИЛИАЛДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

7.1. Филиал «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ тарапынан қаржыландыру қағидасы бойынша және «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ақылы білім беру қызметін көрсету тәртібі туралы Ереже негізінде әрекет етеді. Филиалдың оқу үрдісін қаржыландыру негізі студенттердің білім алу (білім беру қызметі) ақысы болып табылады. Тұтас және жартыжылдықтың оқу ақысының көлемі «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ректорының жыл сайынғы бұйрығымен анықталады.

7.2. Филиал мүлкін негізгі қорлар, айналым құралдары, ақшалай және филиалдың жеке балансына бөлінген басқа да құндылықтар, сонымен бірге филиалдың шаруашылық қызметі барысында сатып алынған ақша және материалдық құралдар құрайды.

7.3. Филиал атына бекітілген мүлік, сонымен бірге РФ нақты заңнамасымен рұқсат етілетін басқа да негіздер бойынша филиал сатып алған басқа да мүліктер оперативті басқару құқығы бойынша «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ тиесілі. Көрсетілген мүлік «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ шоғырландырылған балансының бір бөлігі болып табылатын баланста есепке алынады.

7.4. Филиал мүлікті негізгі мақсаттар мен міндеттерге сәйкес және осы Ережемен, филиал директорына берілген сенімхатпен қарастырылған құзыреттіліктер шеңінде пайдаланады.

7.5. Филиалдың қаржылық-шаруашылық қызметі шығындар аясында келесі есептен жүзеге асырылады:

- білім беру қызметін көрсетуге жасалған келісімшарттарға сәйкес жеке және заңды тұлғалардан түскен құралдар;
- ғылыми өнімдерді өткізу;
- кәсіпкерлік қызметтен түскен құралдар;
- барлық меншік формаларындағы ұйымдардан, азаматтардан түскен ерікті салымдар;
- РФ заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да табыс көздері.

 «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі («ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ)			
«Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің Қостанай филиалы туралы ережесі			
Құжат нұсқасы - 1	11 - 13 бет	Бірінші дана _____	№ ____ КӨШІРМЕ

7.6. Филиалға өз қызметі барысында келіп түсетін қаржы филиал мен «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ арасында келесі тәртіп бойынша таратылады:

- жыл сайын «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Ғылыми кеңесі шешімінің негізінде «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ректорымен бекітілетін көлемдегі құралдар бөлігі «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ жалпыуниверситеттік шығындар қорына аударылады;
- қаржының қалған бөлігі филиалдың білім беру қызметін қамтамасыз етуге, материалдық-техникалық базасын дамытуға және әлеуметтік қажеттіліктеріне жұмсалады.

8. ҚАРЖЫЛЫҚ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ БАҚЫЛАУ. ФИЛИАЛДЫҢ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕБІ МЕН ЕСЕПШІЛІГІ.

8.1. Филиалдың қаржылық-шаруашылық және құқықтық қызметін тексеру ректордың бұйрығымен тағайындалған «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ комиссиясымен жүзеге асырылады.

8.2. Филиал қаржылық-шаруашылық қызметін жүргізгені және мүлікті пайдаланғаны үшін «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ алдында толық жауапкершілік артады.

8.3. Филиалдың бас бухгалтері қызметіне филиал директорының бұйрығымен тағайындалады және босатылады.

Бас бухгалтер филиалдағы бухгалтерлік есептің жүргізілуін және белгіленген мерзімде есепшілікті қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

8.4. Филиал өз бетінше шаруашылық қызмет нәтижелерінің жедел бухгалтерлік есебін жүзеге асырады, статистикалық есепшілікті жүргізеді, нақты заңнамамен, сонымен бірге «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ректорының бұйрығымен белгіленген тәртіпте және мерзімде қызмет нәтижелері бойынша «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ бухгалтериясына есеп береді.

Бухгалтерлік есепті жүргізу тәсілі «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ есептік саясатымен белгіленген тәсілдерге сәйкес келуі қажет.

8.5 Филиал бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есепшілік туралы» Заңына басшылыққа ала отырып жүргізеді. «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ үшін мәліметтер бухгалтер саласындағы РФ заңнамаларының талаптарын есепке ала отырып, беріледі.

8.6. Филиалдың қаржылық-шаруашылық және басқа да қызметі бойынша есепшілік РФ заңнамаларына сәйкес «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ішкі актілерімен белгіленетін есеп беру кестесіне сәйкес «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Қаржылық-экономикалық басқармасына және «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ басқа да құрылымдық бөлімшелеріне тапсырылады.

8.7. Бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер бойынша есепшілікті филиал белгіленген мерзімде орналасқан орны бойынша сәйкес мемлекеттік органдарға тапсырады.

8.8. Салық салу саласындағы филиалдың қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау орны орналасқан орнын есепке ала отырып, сәйкес келетін мемлекеттік органның



«Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі («ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ)

«Челябі мемлекеттік университеті»
жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің
Қостанай филиалы туралы ережесі

Құжат нұсқасы - 1

12 - 13 бет

Бірінші дана _____

№ _____ КӨШІРМЕ

аймақтық өкілетті бөлімшесімен – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Қостанай қ. бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасымен жүзеге асырылады.

8.9. Есептілікті бұрмалағаны және тапсыру мерзімдерін бұзғаны үшін филиалдың лауазымды тұлғалары Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының нақты заңнамаларымен белгіленген материалдық, қылмыстық және тәртіптік жауапкершілік артады.

8.10. Филиал зиян келтіргені үшін «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ алдында материалдық жауапкершілік артады.

9. ФИЛИАЛДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1. Филиалды тарату немесе қайта құру Ресей Федерациясының заңнамасымен қарастырылған жағдайда және тәртіппен жүзеге асырылады.

9.2. Филиалды тарату туралы шешім «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ арызы бойынша Ресей Федерациясының Білім және ғылым министрлігімен қабылданады.

9.3. Филиалды тарату Ресей Федерациясының нақты заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін, «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ректорымен тағайындалған тарату комиссиясымен жүзеге асырылады.

9.4. Филиалды тарату немесе қайта құру кезінде жұмыстан шығарылатын қызметкерлерге Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының нақты заңнамаларына сәйкес олардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау кепілдігі беріледі.

9.5. Филиалды тарату кезінде күндізгі және сырттай оқу бөлімінің студенттері білім алуы аяқтау үшін «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ауыстырылады.

9.6. Заңды тұлғалардың Бірыңғай мемлекеттік реестрына филиалды тарату туралы жазу енгізілгеннен кейін филиалдың таратылуы аяқталды, ал филиал өз тіршілігін тоқтатты деп есептеледі.

Қостанай филиалы директоры

Р.А. Тюлегенова



«Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі («ЧелМУ» ЖББ ФМББМ)

«Челябі мемлекеттік университеті»
жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің
Қостанай филиалы туралы ережесі

Құжат нұсқасы - 1	13 - 13 бет	Бірінші дана _____	№ _____ КӨШІРМЕ
-------------------	-------------	--------------------	-----------------

**«Челябі мемлекеттік университеті»
жоғары білім беретін
федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің
«__» _____ 2016 ж. бекітілген
Филиал туралы үлгілік ережесіне
өзгертулер енгізу иарағы**

Өзгерту нөмірі	Парақ нөмірі			Өзгерту енгізу мерзімі	Өзгертуді жазу мерзімі	Құжаттағы барлық беттер саны	Өзгерту енгізуге жауаптының қолы
	өзгертілген	жаңа	алынып тасталған				
1.							
2.							
3.							
4.							
5.							

Құжатты «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің рұқсатынсыз таратуға, қайта шығаруға және көшіруге болмайды.